

**Альфия Кеңесқызы Өмірзақова¹, Рауза Мүтәліпқызы Өскенбаева^{2*},
Жайдаргүл Қадырқызы Дәркенбаева³**

¹филология ғылымдарының кандидаты, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-9120-6199 E-mail: a.omurzakova@satbayev.university

^{2*} автор-корреспондент, философия докторы (PhD), Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-0401-611X E-mail: r.uskenbayeva@satbayev.university

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0003-3756-0581 E-mail: zhaidargul.d@mail.ru

ТІЛДІК ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ КОГНИТИВТІК МЕХАНИЗМДЕРІ

Андатпа. Мақалада қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеріп жүрген орыстілді қазақ студенттерінің сөйлеу әрекетінде байқалатын интерференция құбылысы когнитивтік және психолінгвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде ана тілі қазақ тілі болғанымен, орта білімді орыс тілінде алған, жоғары оқу орнында, қоғамдық ортада және ақпараттық кеңістікте орыс тілін басым қолданатын студенттердің ауызша және жазбаша жұмыстары алынды. Зерттеуге қатысушылар қазақ тілін шектеулі функционалдық аяда – негізінен отбасылық қарым-қатынаста, қазақ тілі сабағында немесе күнделікті тұрмыстық жағдайларда ғана қолданады. Мақалада интерференция тілдік қате немесе тілдік нормадан ауытқу ретінде емес, қостілді сананың табиғи когнитивтік бейімделу тетігі және екі тілдің мағыналық, концептуалдық жүйелерінің өзара әрекеттесуінен туындайтын құбылыс ретінде сипатталады. Зерттеуде ассоциативтік тасымал, бейнелі мағынаны сөзбе-сөз беру, ұғымдық үстемелену және фреймдік ауысу сияқты когнитивтік механизмдердің интерференцияның қалыптасуындағы ролі талданады. Зерттеу барысында когнитивтік-интерпретациялық, дискурсивтік, салыстырмалы және прагматикалық талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде аталған топтағы студенттерде интерференцияның тілдің лексика-семантикалық, синтаксистік және прагматикалық деңгейлерінде көрінетіні анықталды. Зерттеу нәтижелері интерференцияның қостілді тұлғаның жаңа тілдік тәжірибесін қалыптастыру барысында іске қосылатын табиғи когнитивтік үдеріс екенін дәлелдейді. Сонымен қатар зерттеу барысында студенттердің ауызша және жазбаша сөйлеуінде кездесетін интерференциялық қолданыстардың тұрақтануы байқалды. Мұндай құбылыс қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени мазмұнды, фразеологиялық қорды және табиғи қолданыс үлгілерін белсенді қолдану деңгейінің төмендеуіне әкеліп, тілдік аттриция қаупін күшейтуі мүмкін. Сондықтан қазақ тілін оқытуда интерференцияны түзетуді қажет ететін қате ретінде емес, тіл үйренушінің когнитивтік даму ерекшеліктерін көрсететін маңызды көрсеткіш ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Тірек сөздер: интерференция; қостілді сана; ассоциативтік тасымал; бейнелі мағынаны сөзбе-сөз беру; ұғымдық үстемелену; фреймдік ауысу.

Сілтеме жасау үшін: Өмірзақова А.К., Өскенбаева Р.М., Дәркенбаева Ж.Қ. Тілдік интерференция құбылысының когнитивтік механизмдері. *Tiltanyt*, 2026. №2 (102). 211-222-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-211-222>

**Альфия Кенесовна Омирзақова¹, Рауза Муталиповна Ускенбаева^{2*},
Жайдаргүл Қадырқызы Даркенбаева³**

¹кандидат филологических наук, Казахский национальный исследовательский технический университет имени Каныш Сатпаева, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-9120-6199 E-mail: a.omurzakova@satbayev.university

^{2*} автор-корреспондент, доктор философии (PhD), Казахский национальный исследовательский технический университет имени Каныш Сатпаева, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-0401-611X E-mail: r.uskenbayeva@satbayev.university

³кандидат филологических наук, доцент, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0003-3756-0581 E-mail: zhaidargul.d@mail.ru

КОГНИТИВНЫЕ МЕХАНИЗМЫ ЯЗЫКОВОЙ ИНТЕРФЕРЕНЦИИ

Аннотация. В статье рассматривается явление интерференции в речевой деятельности русскоязычных студентов казахской национальности, изучающих казахский язык в качестве второго языка. Объектом исследования стали устные и письменные работы студентов, для которых родным языком является казахский. Однако среднее образование они получили на русском языке и преимущественно используют русский язык в образовательной, общественной и информационной среде. Участники исследования применяют казахский язык в ограниченной функциональной сфере – в семейном общении, на занятиях по казахскому языку и в повседневных бытовых ситуациях. В статье интерференция рассматривается не как языковая ошибка или отклонение от нормы, а как естественный механизм когнитивной адаптации билингвального сознания и результат взаимодействия смысловых и концептуальных систем двух языков. Анализируется роль таких когнитивных механизмов, как ассоциативный перенос, метафорическое калькирование, концептуальное доминирование и фреймовое переключение в формировании интерференционных проявлений. В ходе исследования применялись когнитивно-интерпретационный, дискурсивный, сопоставительный и прагматический методы анализа. Установлено, что у студентов данной группы интерференция проявляется преимущественно на лексико-семантическом, синтаксическом и прагматическом уровнях. Результаты исследования показывают, что интерференция представляет собой естественный когнитивный процесс, активизирующийся в ходе формирования нового языкового опыта билингвальной личности. Кроме того, выявлена тенденция к закреплению интерференционных проявлений в устной и письменной речи студентов. Такое явление может приводить к снижению уровня активного использования национально-культурного содержания, фразеологического фонда и естественных моделей употребления казахского языка, тем самым усиливая риск языковой аттриции. В связи с этим интерференцию следует рассматривать не только как ошибку, требующую коррекции, но и как важный показатель когнитивных особенностей развития личности, изучающей казахский язык.

Ключевые слова: интерференция; билингвальное сознание; ассоциативный перенос; метафорическое калькирование; концептуальное доминирование; фреймовое замещение.

Для цитирования: Омирзакова А.К., Ускенбаева Р.М., Даркенбаева Ж.К. Когнитивные механизмы языковой интерференции. *Tiltanyim*, 2026. №2 (102). С. 211-222. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-211-222>

Alfiya Omirzakova¹, Rauza Uskenbayeva^{2*}, Zhaidargul Darkenbayeva³

¹Candidate of Philological Sciences, Kanysh Satpayev Kazakh National Research Technical University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-9120-6199 E-mail: a.omirzakova@satbayev.university

^{2*}Corresponding Author, Doctor of Philosophy (PhD),

Kanysh Satpayev Kazakh National Research Technical University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-0401-611X E-mail: r.uskenbayeva@satbayev.university

³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Ablai Khan Kazakh University of
International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0003-3756-0581 E-mail: zhaidargul.d@mail.ru

COGNITIVE MECHANISMS OF LANGUAGE INTERFERENCE

Abstract. This article examines the phenomenon of interference in the language use of Russian-speaking students of Kazakh ethnicity who study Kazakh as a second language. The study is based on oral and written assignments produced by students whose native language is Kazakh. However, they received their secondary education in Russian and predominantly use Russian in educational, social, and information environments. The participants use Kazakh within a limited functional domain, mainly in family communication, during Kazakh language classes, and in everyday situations. The article views interference not as a linguistic error or deviation from the norm, but as a natural mechanism of cognitive adaptation in bilingual consciousness and as a result of the interaction between the semantic and conceptual systems of two languages. The study analyzes the role of such cognitive mechanisms as associative transfer, metaphorical calquing, conceptual dominance, and frame shifting in the formation of interference patterns. The research employed cognitive-interpretative, discourse, comparative, and pragmatic methods of analysis. The findings indicate that interference among the students in this group manifests primarily at the lexical-semantic, syntactic, and pragmatic levels. The results demonstrate that interference is a natural cognitive process activated during the formation of a new linguistic worldview in bilingual individuals. In addition, the study revealed a tendency toward the stabilization of interference patterns in both oral and written language use. Such a phenomenon may lead to a decline in the active use of the cultural and conceptual content, phraseological resources, and natural usage patterns of the Kazakh language, thereby increasing the risk of language attrition. Therefore, interference should be regarded not only as an error requiring correction but also as an important indicator of the cognitive development of individuals learning Kazakh.

Keywords: interference; bilingual consciousness; associative transfer; metaphorical calquing; conceptual dominance; frame shifting.

For citation: Omirzakova, A., Uskenbayeva, R., Darkenbayeva, Zh. Cognitive Mechanisms of Language Interference. *Tiltanyim*, 2026. No.2 (102). Pp. 211-222. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-211-222>

Кіріспе

Еліміздегі қостілді орта тілдік құбылыстарды жаңа қырынан қарастыруды қажет етеді. Қазақстан жағдайында ана тілімізді, яғни қазақ тілін сақтау және оның толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ету айрықша мәнге ие. Осы тұрғыдан алғанда, интерференция мәселесі когнитивтік лингвистика, психолінгвистика және қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін маңызды зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Бұл мәселе, әсіресе, ана тілі қазақ тілі болғанымен, күнделікті қарым-қатынас пен білім алу барысында орыс тілін басым қолданатын студенттердің сөйлеу тәжірибесінде айқын байқалады. Мұндай жағдайда қазақ және орыс тілдері жеке-дара емес, бір тілдік сана аясында қатар қызмет атқарып, өзара ықпалдасады.

Интерференция мәселесі тіл білімінде өткен ғасырдың ортасынан бері зерттеліп келеді. В. Вайнрейх еңбектерінен бастау алған бұл бағыт кейін психолінгвистика мен когнитивтік лингвистикада кеңінен дамыды. Берілген зерттеулердің басым бөлігі екінші немесе шет тілін үйренуші өзге ұлт өкілдеріне бағытталған. Ал ана тілі бола тұра, күнделікті өмірінде басқа тілді белсенді қолданатын тіл үйренушілердің тілдік тәжірибесі жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Қазіргі қостілді ортада жағдайында интерференция құбылысын сөйлеу нормасынан ауытқу немесе тілдік қате ретінде түсіндіретін дәстүрлі көзқарас тұрғысынан қарастыру аздық етеді. Когнитивтік тұрғыдан интерференция туынды ұғымдық жүйенің қалыптасуымен бірге жүретін табиғи бейімделу тетігі ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда интерференция девиацияның (тілдік нормаға сәйкес келмейтін құрылымның пайда болуының) жай көзі ғана емес, сонымен қатар когнитивтік үнемдеудің тәсілі болып табылады. Өйткені бұрыннан меңгерілген білім, ұғымдар, категориялар және ұғымдық байланыстар жаңа тілдік кеңістікке көшіріледі.

Билингвизм мен қостілді сананы сипаттайтын психолінгвистикалық зерттеулер (Kroll, 1994: 149-174; Dijkstra, 2005: 179-201; Pavlenko, 2014: 280) интерференцияны жекелеген лексикалық бірліктердің «қате аудармасы» ретінде емес, тұтас мағыналық өріс жүйесінің бір мезгілде жандануы ретінде түсіндіреді. Аталған еңбектерде L1 (ана тіл) мен L2 (екінші тіл) санада өзара оқшауланған жүйелер емес, қатар әрекет ететін және динамикалық түрде өзара ықпалдасатын когнитивтік құрылымдар ретінде қарастырылады. Осыған байланысты тілдегі интерференция құбылысын талдау дәстүрлі лингвистикалық әдістермен шектелмей, тілдік жүйелердің ұғымдық бейімделуі және өзара әрекеттесу процесін қайта құруға мүмкіндік беретін когнитивтік-модельдік тәсілдерді де қажет етеді.

Аталған мәселе еліміздегі қостілді саясаттың институционалдануы аясында айрықша өзектілікке ие. Бүгінде орыстілді қазақ студенттері қазақ тілін белгілі бір деңгейде меңгерген. Бірақ күрделі ойды жеткізу, өз көзқарасын білдіру немесе түрлі коммуникативтік жағдаяттарда сөйлесу кезінде орыс тіліндегі қалыптасқан тілдік үлгілерге сүйенеді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің табиғи қолданысына сәйкес келмейтін лексика-семантикалық, синтаксистік және прагматикалық ерекшеліктер байқалады. Мұндай құбылыстардың табиғатын түсіндіру интерференцияны тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Мақалада интерференция өзге ұлт өкілдерінің емес, орыстілді қазақ студенттерінің сөйлеу әрекеті негізінде қарастырылады. Аталған мәселенің маңызы интерференцияның ұзақ уақыт бойы түзетілмей, тұрақты сөйлеу дағдысына айналу қаупімен де байланысты. Егер берілген топ қазақ тіліндегі сөздердің мағыналық реңктерін, фразеологиялық қолданыстарын, ұлттық-мәдени астарын және прагматикалық нормаларын жүйелі түрде меңгермесе, орыс тіліндегі үлгілер қазақ тіліндегі табиғи қолданыстарды біртіндеп ығыстыруы мүмкін. Мұндай жағдайда интерференция жеке қателік деңгейінде қалмай, тілдік аттрицияға алып келетін факторлардың біріне айналады.

Тілдік аттриция тілдегі белсенді сөздік қордың, тұрақты тіркестерді қолдану дағдысының, ұлттық-мәдени концептілерді тану қабілетінің және табиғи коммуникативтік үлгілердің біртіндеп әлсіреуі ретінде түсіндіріледі (Schmid, 2011). Тілдік аттрицияның салдары студенттердің қазақ тілін түсінгенімен, оны еркін әрі орынды қолдана алмауынан көрінеді. Уақыт өте келе, бұл ұлттық-мәдени мазмұндағы тілдік бірліктердің студент санасында пассив

қорға ығысуына әкелуі мүмкін.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі де осы мәселемен байланысты. Қазіргі жағдайда қазақ тілін меңгеруді тек грамматикалық нормаларды игеру деңгейімен бағалау жеткіліксіз. Тілді еркін қолдану ұлттық-мәдени мазмұнды түсінуді, сөздердің мағыналық реңктерін ажыратуды және коммуникативтік нормаларды сақтауды талап етеді. Сондықтан интерференцияны когнитивтік бейімделудің көрінісі ретінде зерттеу тілдік қиындықтардың табиғатын тереңірек түсіндіруге, сондай-ақ тілдік аттрицияның алдын алуға бағытталған тиімді әдістемелік шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді.

Интерференцияның когнитивтік табиғатын түсіндіру үшін оның негізгі механизмдерін ескеру маңызды. Қостілді тұлғаның тілдік санасында екі тілдің мағыналық жүйелері бір-бірінен оқшауланбай, өзара байланыста әрекет етеді. Сондықтан екінші тілде сөйлеу немесе жазу кезінде бұрыннан қалыптасқан ассоциациялар, ұғымдық модельдер, бейнелі мағыналар және коммуникативтік сценарийлер белсендіріледі. Бұл процесс ассоциативтік тасымал, ұғымдық үстемелену, бейнелі мағынаны сөзбе-сөз беру және фреймдік ауысу сияқты когнитивтік механизмдер арқылы көрінеді. Аталған механизмдер қостілді адамның жаңа тілдік бірліктерді қабылдауына, мағынаны құрастыруына және сөйлеу жағдаяттарын рәсімдеуіне әсер етеді (Pavlenko, 2014; Lakoff, Johnson, 1980; Fillmore, 1982).

Зерттеудің мақсаты – қазақ тілін орта деңгейден жоғары және жоғары деңгейлерде меңгерген орыстілді қазақ студенттерінің қазақ тіліндегі интерференциялық қолданыстарын талдау, олардың когнитивтік механизмдерін анықтау және алынған нәтижелердің қазақ тілін оқытудағы маңызын көрсету. Осы мақсатқа сәйкес интерференция мәселесіне қатысты ғылыми еңбектер сараланып, студенттердің тілдік материалдарындағы интерференциялық құбылыстар анықталды. Олардың лексика-семантикалық, синтаксистік және прагматикалық ерекшеліктері сипатталды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы интерференцияны қазақ тілі ана тілі болып саналатын, алайда коммуникативтік тәжірибесінде орыс тілін басым қолданатын студенттердің нақты сөйлеу материалдары негізінде зерттеуімен байланысты. Орыстілді қазақ студенттерінің қазақ тіліндегі интерференциялық қолданыстары көбіне тілдік нормаларды білмеуінен емес, күнделікті қолданыста басым болып отырған орыс тілінің когнитивтік ықпалынан туындайды. Бұл тұрғыдан интерференция екі тілдік жүйенің өзара әрекеттесуінен туындайтын аралық когнитивтік жағдайдың көрсеткіші ретінде сипатталады.

Демек, интерференцияны жай ғана тілдік ауытқу емес, қостілді тұлғаның тілдік тәжірибесі мен когнитивтік бейімделуін көрсететін күрделі құбылыс ретінде қарастыру қазақ тілін меңгеру үдерісін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Материал және әдістер

Зерттеу жоғары оқу орнының орыс бөлімінде білім алатын 1-курс студенттері арасында жүргізілді. Зерттеуге қатысқан информанттар – орыстілді қазақтар. Олардың ана тілі қазақ тілі болғанымен, күнделікті тілдік тәжірибеде орыс тілін басым қолданады.

Қазақ тілін меңгеру деңгейі университеттің диагностикалық тестілеуі негізінде анықталды. Бұл тестілеу білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін кешенді бағалауға бағытталған. Оның құрылымына оқылым, тыңдалым, жазылым және ауызша тілдесім дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар, сондай-ақ лексика-грамматикалық тест сұрақтары енгізілген.

Зерттеу материалы ретінде студенттердің әртүрлі коммуникативтік тапсырмалар барысында орындаған жұмыстары пайдаланылды. Олардың қатарына монологтар, диалогтар, қысқа пайымдау мәтіндері және нақты жағдаяттарға байланысты берілген тапсырмалар енгізілді. Материалдарды іріктеу кезінде студенттердің дайын үлгіні қайталауынан гөрі, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік беретін тапсырмаларға басымдық берілді. Бұл интерференциялық құбылыстардың табиғи көріністерін анықтауға жағдай жасады.

Зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен интерференция, билингвизм және қостілді сана мәселелеріне арналған ғылыми әдебиеттер талданды. Бұл кезең зерттеудің теориялық негізін айқындауға мүмкіндік берді. Келесі кезеңде студенттердің ауызша және жазбаша жұмыстары жинақталып, интерференциялық қолданыстар іріктелді. Іріктеу барысында қазақ тілінің табиғи

нормасына сәйкес келмейтін, бірақ орыс тіліндегі үлгілермен түсіндіруге болатын қолданыстарға назар аударылды. Сонымен қатар олардың бірнеше жұмыста қайталануы және белгілі бір когнитивтік стратегиямен байланысы ескерілді.

Жиналған материалдар лексика-семантикалық, синтаксистік және прагматикалық деңгейлер бойынша топтастырылды. Зерттеу барысында фонетикалық және морфологиялық ауытқулар да кездесті, бірақ олар жүйелі сипат алмады. Сондықтан негізгі назар студенттердің сөз мағынасын таңдауына, сөйлем құрауына және коммуникативтік жағдаяттарды тіл арқылы рәсімдеу ерекшеліктеріне аударылды.

Материалдарды талдау кезінде бірнеше әдіс қолданылды. *Когнитивтік-интерпретациялық талдау* интерференциялық қолданыстардың артында тұрған ойлау үлгілерін анықтауға мүмкіндік берді. *Салыстырмалы талдау* қазақ және орыс тілдеріндегі мағыналық, синтаксистік және прагматикалық ерекшеліктерді салыстыру үшін пайдаланылды. *Дискурсивтік талдау* студенттердің мәтін құрау және ойды ұйымдастыру тәсілдерін сипаттауға бағытталды. Ал *прагматикалық талдау* сөйлеу актілеріндегі ерекшеліктерді, атап айтқанда өтініш білдіру, пікір айту, қарсылық білдіру немесе эмоцияны жеткізу жағдайларындағы интерференциялық құбылыстарды анықтауға көмектесті.

Зерттеудің әдіснамалық негізі интерференцияны тілдік қате ретінде емес, қостілді тұлғаның танымдық тәжірибесінің көрінісі ретінде қарастыруға сүйенеді. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір интерференциялық қолданыс оның сыртқы формасы арқылы ғана емес, пайда болуына ықпал еткен когнитивтік себептермен бірге талданды. Бұл студенттердің қазақ тіліндегі қиындықтарын тереңірек түсіндіруге және алынған нәтижелерді оқыту тәжірибесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Интерференция құбылысы мен оның когнитивтік табиғатын түсіндіру мәселесі тілтанымдық зерттеулерде кеңінен қарастырылып келеді. Бұл ұғым алғаш рет В. Вайнрейхтің еңбектерінде жүйелі сипат алған. Ол зерттеулерінде тілдер арасындағы өзара әсердің фонетикалық, грамматикалық және семантикалық деңгейлерде байқалатынын атап өтеді. Ғалымның пікірінше, «байланыстағы тілдер арасындағы тіпті болар-болмас айырмашылықтар да тіл жүйесіне ықпал етеді, ал бұл интерференцияның пайда болуының басты алғышарты болып табылады» (Вайнрайх, 1979: 263). Вайнрейхтің тұжырымдары интерференцияны тілдік жүйелердің байланысы нәтижесінде пайда болатын құрылымдық құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Алайда бұл бағыт интерференцияның фонетикалық, грамматикалық және семантикалық деңгейлерін анықтауда маңызды болғанымен, тіл үйренушінің ішкі когнитивтік стратегияларын толық ашып бере алмайды.

Когнитивтік интерференция мәселесін зерттеуде А. Павленконың еңбектері маңызды орын алады. Ол қостілді адамның санасы екі бөлек жүйе емес, өзара тығыз байланыста әрекет ететін біртұтас когнитивтік құрылым екенін көрсетеді. А. Павленконың пайымдауынша, екі тілдің ұғымдары мен мәдени үлгілері қостілді адамның санасында қабаттасып, өзара әсер ете отырып, жаңа гибриді когнитивтік сценарийлер қалыптастырады (Pavlenko, 2014: 280). Дж. Кролл мен Т. Дейкстраның психолингвистикалық зерттеулерінде де қостілді санадағы екі тілдің бір мезгілде белсендірілуі, лексикалық қолжетімділік және мағыналық өрістердің қабаттасуы жан-жақты түсіндіріледі (Kroll, 1994: 149-174). Бұл еңбектер интерференцияны кездейсоқ тілдік қате емес, когнитивтік жүйелердің өзара әрекеттесуі ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Дегенмен аталған зерттеулер көбіне жалпы билингвизм теориясына бағытталғандықтан, ана тілін екінші тіл ретінде меңгеру кезіндегі ұлттық-мәдени семантика мен прагматикалық нормалардың ықпалы арнайы талданбайды.

Ассоциативтік тасымал интерференцияның негізгі когнитивтік механизмдерінің бірі ретінде көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Дж. Камминс қостілді тұлғаның екі тілдің ортақ іргелі білім қорына сүйенетінін, сондықтан бір тілде меңгерілген ұғымдар мен когнитивтік құрылымдардың екінші тілге тасымалдануы заңды құбылыс екенін атап өтеді (Cummins, 1979: 222-251). Бұл көзқарас ассоциативтік тасымалдың когнитивтік үнемдеу қағидатымен байланысын айқындайды: тіл үйренуші жаңа мағынаны меңгеру кезінде бұрыннан

бар ұғымдар мен байланыстарды қайта пайдаланады. Алайда мұндай жалпы теориялық тұжырымдар нақты тілдік жұптардағы, соның ішінде қазақ және орыс тілдері арасындағы мәдени-ассоциативтік айырмашылықтарды арнайы сипаттауды қажет етеді.

Метафоралық бейнелеудің интерференциядағы рөлі Дж. Лакофф пен М. Джонсонның ғылыми еңбегінде теориялық тұрғыда негізделген. Зерттеушілер метафораны стилистикалық тәсіл емес, адамның әлемді қабылдау және тану тәсілін анықтайтын негізгі ойлау механизмі ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, метафора тілде ғана емес, адамның күнделікті тәжірибесінде, іс-әрекетінде және ұғымдық жүйесінде де көрініс табады (Lakoff, 1980: 242). Осыған сәйкес бейнелі мағыналарды тура көшіру екінші тілдегі жаңа ұғымдарды қалыптастыруда табиғи когнитивтік процесс ретінде бағаланады.

Тілдік категориялардың когнитивтік сипаты мен олардың шекаралары туралы мәселе Р. Лангакердің когнитивтік грамматика теориясында жан-жақты ашылған. Ғалым тілдік категорияларды қатаң логикалық жиындар емес, мәндері прототиптік орталықтардың айналасында ұйымдасқан градиенттік құрылымдар ретінде сипаттайды (Langacker, 1987: 540). В. Крофт пен Д. Круз да осы бағытты жалғастырып, концептуалды категориялардың мәдени және қабылдау ерекшеліктеріне тәуелді екенін көрсетеді: әр тіл өз мәдениетіне тән дүниетанымдық үлгілерді қалыптастырады. Сондықтан олардың сәйкессіздігі интерференцияның когнитивтік негізін құрайды (Croft, 2004: 356). Бұл теориялар интерференцияны ұғымдық үстемелену және категориялық шекаралардың ығысуы тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ч. Филлмордың фрейм семантикасы теориясы интерференцияның фреймдік ауысу механизмін түсіндіруге негіз болады. Оның пікірінше, әрбір тіл өзіне тән когнитивтік құрылымдар – фреймдер арқылы сөйлеушінің ойлау кеңістігін ұйымдастырады (Fillmore, 1982: 111-137). Фреймдер адамның тәжірибесіне негізделген білім құрылымдары болып табылады, ал екінші тілде сөйлеу кезінде бұл құрылымдар ана тіліндегі мәдени үлгілермен қабаттасады. Т.А. ван Дейк дискурс пен мәтін түсінуді адамның когнитивтік модельдерімен байланыстыра отырып, тіл мен ойлау арасындағы өзара тәуелділікті көрсетеді (van Dijk, 1998: 302). Бұл теориялар интерференцияның лексикалық немесе грамматикалық деңгеймен шектелмей, дискурстық және прагматикалық деңгейде де көрінетінін негіздеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу барысында орыстілді қазақ студенттерінің ауызша және жазбаша тілдік материалдары талданды. Нәтижесінде аталған топтағы студенттерде интерференцияның тілдің лексика-семантикалық, синтаксистік және прагматикалық деңгейлерінде көрінетіні анықталды. Фонетикалық және морфологиялық ауытқулар да кездесті, бірақ олар жүйелі сипат алған жоқ. Бұл студенттердің қазақ тілінің дыбыстық және негізгі грамматикалық жүйесін белгілі бір деңгейде меңгергенімен, күнделікті қарым-қатынас тәжірибесінде орыс тілінің басым қолданылуымен түсіндіріледі.

Талдау барысында студенттердің қазақ тілінде сөйлеу және жазу кезінде орыс тілінде қалыптасқан мағыналық байланыстарға, сөйлем құрау үлгілеріне және коммуникативтік сценарийлерге жиі сүйенетіні байқалды. Сондықтан олардың тіліндегі көптеген интерференциялық қолданыстар қазақ тілінің нормаларын мүлде білмеуінен емес, басым тілдің когнитивтік ықпалынан туындайды.

Зерттеу материалдары интерференцияның бірнеше когнитивтік механизм арқылы жүзеге асатынын көрсетті. Соның бірі – *ассоциативтік тасымал*. Бұл құбылыс студенттердің қазақ тіліндегі ұғымдарды түсіндіру кезінде орыс тілінде қалыптасқан мағыналық байланыстарға сүйенуінен көрінді. Мысалы, «көк» концептісін талдау барысында студенттердің бір бөлігі бұл сөзді негізінен «түс» мағынасында қабылдайтыны байқалды. Олар «көк» сөзін көбіне орыс тіліндегі «зеленый», «синий» немесе «голубой» сөздерінің баламасы ретінде түсіндірді. Алайда қазақ тілінде «көк» ұғымының мағыналық өрісі әлдеқайда кең. Ол тек түс атауын ғана емес, *аспан, табиғат, тіршілік, жаңару, рухани биіктік және Тәңірлік таным* сияқты мәдени-символдық мәндерді де қамтиды. Мысалы, «көк шөп», «көк майса» тіркестері табиғаттың жаңаруын, тіршіліктің жандануын білдірсе, «көк аспан», «көк жүзі» тіркестері кеңдік, биіктік

және рухани әлеммен байланысты қабылданады. Ал «*көкке көтерілді*» сияқты қолданыстарда бұл сөз физикалық кеңістікті ғана емес, рухани жоғарылау немесе мәртебенің өсуі тәрізді ауыспалы мағыналарды да білдіреді.

Сонымен қатар қазақ тілінде «*көк*» сөзі адамның мінезін, әлеуметтік жағдайын немесе психологиялық күйін сипаттайтын тұрақты тіркестер құрамында да кездеседі: «*көк жалқау*», «*көк маңдай*», «*көк ми*», «*көк жұлын болды*» сияқты қолданыстарда бұл сөз «түс» мағынасынан алыстап, бағалауыштық және бейнелі сипат алады. Мұндай тіркестерді түсіндіру кезінде студенттердің бір бөлігі жалпы мағынаны түсінгенімен, олардың ұлттық-мәдени астарын толық аша алмады.

Бұл жағдай студенттердің қазақ тіліндегі концептінің көпқабатты семантикалық құрылымын емес, орыс тіліндегі түс атауына қатысты ассоциацияларды белсендірек қолданатынын көрсетеді. Демек, «*көк*» концептісіне қатысты интерференция жеке сөзді білмеуден емес, оның мәдени-символдық өрісін толық меңгермеуден туындайды. Мұндай нәтиже ассоциативтік тасымалдың қостілді санада қалай іске қосылатынын айқын көрсетеді: басым тілдегі мағыналық байланыстар екінші тілдегі ұғымды қабылдау мен қолдануға әсер етеді.

Осындай ұқсас жағдай «*жол*» концептісін түсіндіруде де байқалды. Студенттер бұл сөзді көбіне қозғалыс бағыты немесе физикалық кеңістік мағынасында қабылдап, «*ақ жол*», «*ата жолы*», «*жолы болу*», «*жол көрсету*» сияқты тіркестердегі рухани-мәдени астарды әрдайым ескере бермеді. Қазақ тілінде «*жол*» ұғымының мағыналық өрісі әлдеқайда кең. Ол сапар немесе бағыт мәнімен ғана шектелмей, *тағдыр, дәстүр, өмірлік бағыт және бата-тілек* ұғымдарымен де байланысты. Мысалы, «*жол көрсету*» тіркесі тек бағыт нұсқауды емес, ақыл беру, жөн сілтеу мағынасын да білдіреді. «*Ата жолы*» – ата-баба дәстүрі мен ұлттық этикалық қағиданың көрінісі, ал «*ақ жол*» тіркесі рухани тазалық, адал ниет және сәттілік тілеу мәнінде қолданылады. Сол сияқты «*Жолыңыз болсын*» тіркесі нақты сапарға ғана емес, адамның ісі мен өмірлік бағытының сәтті болуына қатысты айтылады.

Зерттеу барысында студенттердің бір бөлігі бұл тіркестердің жалпы мағынасын түсінгенімен, олардың астарындағы мәдени-рухани мазмұнды толық аша алмады. Мысалы, «*жол көрсету*» тіркесін тек «*бағыт көрсету*», ал «*ақ жол*» тіркесін тек «*сәтті сапар*» мағынасында түсіндіру жағдайлары кездесті. Бұл орыс тіліндегі «*дорога*» және «*путь*» сөздерінің физикалық бағыт пен қозғалыс мағынасының студент санасында белсендірек қызмет атқаратынын көрсетеді.

Демек, «*жол*» концептісіне қатысты ассоциативтік тасымал студент санасында орыс тіліндегі мағыналық байланыстардың басым болуынан туындайды. Мұндай құбылыс қостілді тұлғаның когнитивтік жүйесінде әртүрлі ассоциативтік өрістердің қатар әрекет ететінін және кей жағдайда белсенді тілдің мағыналық үлгілері қазақ тіліндегі мәдени реңктерді ығыстыратынын көрсетеді.

Бұл тұжырым А. Павленконың қостілді санадағы ұғымдық жүйелердің өзара әрекеті туралы пікірлерімен сәйкес келеді. Ғалым қостілді адамның санасында екі тіл бір-бірінен толық оқшауланбай, ортақ концептуалдық кеңістік арқылы әрекет ететінін көрсетеді (Pavlenko, 2009). Олай болса, зерттеу нәтижелері де студенттердің қазақ тіліндегі мәдени-концептуалдық мазмұны терең ұғымдарды қабылдауында орыс тіліндегі ассоциациялардың ықпалы басым екенін дәлелдейді.

Зерттеу барысында *бейнелі мағынаны сөзбе-сөз беру* орыстілді қазақ студенттерінің тілінде жиі кездесетін интерференциялық механизмдердің бірі екені байқалды. Студенттер қазақ тілінде сөйлегенде немесе жазғанда орыс тілінде қалыптасқан бейнелі үлгілер мен метафоралық үлгілерді қазақ тіліне тікелей көшіруге бейім келеді. Мұндай жағдайда орыс тіліндегі образдық мағына қазақ тілінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен қалыптасқан қолданыс нормалары ескерілмей беріледі.

Бұл құбылыс, әсіресе, орыс тіліндегі «*теплый*» сын есімінің эмоциялық мағынасын жеткізуде анық көрінді. Қазақ тіліндегі «*жылы*» және орыс тіліндегі «*теплый*» сөздерінің бастапқы мағынасы ұқсас: екеуі де ыстық пен салқынның арасындағы физикалық күйді білдіреді. Алайда бұл сөздердің эмоциялық және қатынастық қолданысы екі тілде бірдей емес.

Қазақ тілінде «*жылы жүз*», «*жылы сөз*», «*жылы қабақ*», «*жылы қарсы алу*» сияқты тіркестер табиғи қолданылғанымен, орыс тіліндегі «*теплая атмосфера*», «*теплая дружба*», «*теплая компания*» тіркестерін сөзбе-сөз «*жылы атмосфера*», «*жылы достық*», «*жылы компания*» түрінде бергені байқалды (Sozdik.kz, n.d.). Бұл қолданыстар мағыналық жағынан түсінікті болғанымен, қазақ тілінің табиғи сөйлеу нормасына сәйкес келмейді. Қазақ тілінде мұндай мағыналар контекстке қарай «*жайлы орта*», «*шын ықылас*», «*достық көңіл күй*», «*шынайы достық*», «*берік достық*», «*сыйлас адамдар ортасы*» сияқты баламалар арқылы беріледі.

Кейбір студенттер берілген сөз тіркестерінің жасандылығын сезінгенімен, олардың орнына қолданылатын табиғи баламаларды табуда қиналды. Бұл олардың орыс тіліндегі метафоралық үлгілерді түсінетінін, бірақ оларды қазақ тілінің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес қайта құру дағдысының толық қалыптаспағанын көрсетеді. Демек, мұнда мәселе бейнелі мағынаны қазақ тілінің мәдени-танымдық кеңістігіне сай жеткізе алмауында болып отыр.

Эмоциялық күйді білдіретін тұрақты тіркестерді қолдануда да осындай интерференциялық құбылыстар кездесті. Мысалы, орыс тіліндегі «*сердце упало*» тіркесін «*жүрегі түсті*» деп қолданып жүр. Алайда қазақ тілінде қорқу, қобалжу немесе кенет алаңдау сияқты эмоциялық күйлер «*жүрегім зу ете түсті*», «*жүрегім шым ете қалды*», «*жүрегім селк етті*» тәрізді тұрақтанған бейнелі бірліктер арқылы беріледі. Сондай-ақ орыс тіліндегі «*белая ворона*» фразеологизмін «*ақ қарға*» деп сөзбе-сөз беру жағдайлары да тіркелді. Мұндай қолданыс қазақ тілінің образдық жүйесіне тән емес. Өйткені қазақ мәдениетінде ерекшеленуді немесе көпшілікке ұқсамауды білдіретін тұрақты бейне ретінде «*қарға*» образы қолданылмайды. Қазақ тілінде мұндай мағына контексте қарай «*көзге шыққан сүйелдей*» сияқты ұлттық танымға негізделген тілдік бірліктер арқылы беріледі. Бұл фразеологизм оғаш көрінетін, ортаға үйлеспейтін немесе орынсыз әрекетімен көзге түсетін адамды не құбылысты сипаттауда қолданылады (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011). Сондықтан «*ақ қарға*» қолданысы қазақ тілінің төл образдық жүйесіне емес, орыс тіліндегі фразеологиялық үлгінің тікелей көшірілуіне негізделген интерференциялық құбылыс ретінде қарастырылады. Алайда «*белая ворона*» фразеологизмі көбіне көпшілікке ұқсамайтын, ерекшеленетін адамды білдірсе, «*көзге шыққан сүйелдей*» тіркесі жағымсыз реңкке ие болып, оғаш, орынсыз немесе көзге түрткі болатын адамға не құбылысқа қатысты қолданылады. Сондықтан бұл тұрақты тіркестерді толық мағыналық балама ретінде қарастыруға болмайды.

Қазақ тіліндегі «*жеу*» етістігіне қатысты фразеологизмдерді түсіндіруде де қиындықтар байқалды. Бұл етістік физиологиялық әрекетпен қатар, адамның эмоциялық, моральдық және психологиялық күйін бейнелейтін күрделі метафоралық құрылым ретінде қызмет атқарады. Мысалы, «*біреудің ақысын жеу*» тіркесі біреудің еңбегін немесе тиесілі үлесін әділетсіз иемдену мағынасын білдіреді. «*Біреудің еңбегін жеу*» өзгенің еңбегін пайдалану немесе еңбекақысын бермеу мәнінде жұмсалады. «*Жүйкені жеу*» адамның мазасын алу, жүйкесін тоздыру мағынасын берсе, «*қайғы жеу*» ішкі жан күйзелісін білдіреді (Кеңесбаев, 2007).

Зерттеу барысында студенттердің бір бөлігі бұл тіркестердің ауыспалы мағынасын жалпы түсінгенімен, олардың мәдени-танымдық мазмұнын толық аша алмады. Мысалы, «*біреудің ақысын жеу*» тіркесін кейбір студенттер тек «*обмануть человека*» немесе «*взять чужое*» деп түсіндіріп, қазақ дүниетанымындағы *әділетсіздік*, *адамгершілік*, *жауапкершілік* және *моральдық қарыз* ұғымдарымен байланысын көрсете алмады. Бұл интерференцияның сөз мағынасы деңгейінде ғана емес, сонымен қатар мәдени-концептуалдық деңгейде де көрінетінін дәлелдейді. Аталған мысалдар студенттердің фразеологизмдердің жалпы мағынасын түсінгенімен, олардың артындағы ұлттық образдық жүйені толық меңгермегенін көрсетті.

Бұл құбылыстар Дж. Лакофф пен М. Джонсон ұсынған концептуалдық метафора теориясымен үйлеседі. Аталған теорияға сәйкес метафора тек тілдік бейнелеу құралы емес, адамның дүниені тану тәсілінің бір бөлігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің орыс тіліндегі метафоралық үлгілерді қазақ тіліне сөзбе-сөз көшіруі олардың көстілді санасында екі түрлі метафоралық жүйенің қатар әрекет етуімен түсіндіріледі.

Ұғымдық үстемелену екі тілдің ұғымдық жүйелері мен категориялары толық сәйкес келмеген жағдайда байқалады. Бұл құбылыста бір тілдегі мағыналық үлгі екінші тілдегі

қолданысқа ықпал етіп, сөз мағынасының шекарасын кеңейтіп немесе тарылтып жібереді. Аталған құбылыс, әсіресе, сын есімдердің мағыналық өрісін қолдануда анық көрінді. Мысалы, студенттер орыс тіліндегі «*сильный*» сөзін әртүрлі контексте әмбебап түрде «*күшті*» деп қолдануға бейім болды. Соның нәтижесінде «*күшті соққы*», «*күшті құрғақшылық*», «*күшті тірек*» сияқты қазақ тілінің табиғи нормасына толық сәйкес келмейтін қолданыстар кездесті. Қазақ тілінде мұндай мағыналар контекстке қарай «*қатты*», «*мықты*», «*күшті*» сөздері арқылы ажыратылады: «*қатты соққы*», «*қатты құрғақшылық*», «*мықты тірек*», «*күшті адам*», «*күшті мотор*».

Бұл айырмашылық қазақ және орыс тілдеріндегі категориялау тәсілдерінің бірдей еместігін көрсетеді. Орыс тіліндегі «*сильный*» сөзі физикалық күшті әсердің қарқындылығын, табиғи құбылыстың деңгейін және беріктік мағынасын қамтитын кең семантикалық өріске ие. Ал қазақ тілінде бұл мағыналар бір ғана сөзбен емес, контекстке қарай бірнеше лексикалық бірлік арқылы беріледі. Сондықтан студенттер орыс тіліндегі жалпылама мағыналық үлгіні қазақ тіліне сол күйінде көшіргенде, семантикалық сәйкессіздік пайда болады.

Берілген нәтиже В. Крофт пен Д. Круздың тілдік категориялардың мәдени және когнитивтік тәжірибеге тәуелділігі туралы тұжырымдарымен сәйкес келеді. Әр тіл қоршаған болмысты өзінше категориялайтындықтан, бір тілдегі кең мағыналы сөздің екінші тілдегі бірнеше дербес мағыналық бірлікті ығыстыруы интерференцияның пайда болуына негіз болады.

Фреймдік ауысу интерференцияның маңызды когнитивтік механизмдерінің бірі ретінде студенттердің сөйлеу тілінде айқын байқалды. Бұл құбылыс сөйлеушінің екінші тілде қарым-қатынас жасаған кезде жағдаятты бұрыннан таныс тілдік-мәдени үлгілер арқылы көрінеді. Сондықтан ол сөз мағынасы деңгейінде емес, дискурс пен прагматикада да көрініс табады.

Зерттеу материалдарында орыс тіліндегі сыпайылық формаларын қазақ тіліне сөзбе-сөз көшіру жағдайлары жиі кездесті. Мысалы, кейбір студенттер «*Будьте добры, закройте дверь*» тіркесін «*Қайырымды болыңыз, есікті жабыңыз*», ал «*Не могли бы закрыть дверь?*» тіркесін «*Есікті жаба аласыз ба?*» түрінде берген. Мұндай құрылымдар грамматикалық тұрғыдан түсінікті болғанымен, қазақ тіліндегі табиғи сыпайылық стратегиясына толық сәйкес келмейді. Қазақ тілінде бұл жағдаят көбіне «*Есікті жауып жіберіңізші*», «*Есікті жаба саласыз ба?*» сияқты жұмсартылған әрі қалыпты үлгілер арқылы беріледі.

Осыған ұқсас құбылыс қонақ күту және еркін отыруға шақыру жағдаяттарында да байқалды. Мәселен, «*Будьте как дома*» тіркесін кейбір студенттер «*Үйдегідей болыңыз*» деп қолданған. Мағынасы түсінікті болғанымен, бұл қолданыс қазақ тілінің қалыптасқан коммуникативтік нормасына толық сай емес. Мұндай жағдайда қазақ тілінде «*Өз үйіңіздей сезініңіз*», «*Жайғасыңыз*», «*Жайғасып отырыңыз*» сияқты табиғи үлгілер қолданылады.

Құттықтау формулаларын қолдануда да орыс тіліндегі дайын құрылымдарды қазақ тіліне тікелей көшіру байқалды. Кейбір студенттер «*с праздником*», «*с новосельем*», «*поздравляю с рождением ребенка*» үлгілерін «*мерекенізбен*», «*жаңа үй алуыңызбен*», «*балалы болуыңызбен құттықтаймын*» түрінде берген. Бұл тіркестер мағынаны жеткізгенімен, қазақ тілінің дәстүрлі құттықтау жүйесіне сәйкес келмейді. Қазақ мәдениетінде мұндай жағдаяттар көбіне «*Мереке құтты болсын!*», «*Қоныс құтты болсын!*», «*Бауы берік болсын!*» сияқты тұрақты мәдени-прагматикалық формулалар арқылы беріледі.

Пікір білдіру және бағалау кезінде де орыс тілінің дискурстық ықпалы байқалды. Мысалы, «*мен ойлаймын*», «*мен санаймын*» құрылымдары грамматикалық жағынан дұрыс болғанымен, қазақ тілінің коммуникативтік-прагматикалық нормасында пікір білдірудің негізгі тәсілі ретінде сөйлем басында қолданылмайды. Қазақ тілінде мұндай мағыналар көбіне «*меніңше*», «*... деп ойлаймын*», «*... сияқты*» тәрізді тілдік құралдар арқылы беріледі. Аталған үлгілердің студенттердің жұмыстарында жиі кездесуі орыс тіліндегі «*я думаю*», «*я считаю*» дискурстық маркерлерінің ықпалын көрсетеді.

Бағалау және түзету жағдаяттарында да тіке айту стратегиялары кездесті. Мысалы, кейбір студенттер «*Сен дұрыс айтпадың*» сияқты тура бағалау формаларын қолданған. Қазақ тілінің коммуникативтік мәдениетінде мұндай пікірлер көбіне жұмсартылып, «*Былай айтсаң дұрысырақ болар еді*», «*Басқаша айтуға болады*» деген үлгілер арқылы жеткізіледі. Бұл қазақ

тіліндегі сыпайылық стратегияларының жанама әрі жұмсартылған сипатымен байланысты.

Прагматикалық интерференцияға қатысты алынған нәтижелер Ч. Филлмордың фрейм теориясы және Т. ван Дейктің дискурстық модельдер туралы тұжырымдарымен үндеседі. Бұл зерттеулерде сөйлеуші қарым-қатынас кезінде жеке сөздерді ғана емес, сол сөздер қолданылатын жағдаяттық үлгілерді де іске қосатыны көрсетіледі.

Кесте 1 – Орыстілді қазақ студенттерінің ауызша және жазбаша сөйлеуіндегі тілдік интерференцияның когнитивтік механизмдері

Таблица 1 – Когнитивные механизмы языковой интерференции в устной и письменной речи казахских студентов, обучающихся на русском языке

Table 1 – Cognitive Mechanisms of Linguistic Interference in the Oral and Written Production of Russian-Speaking Kazakh Students

<i>Когнитивтік механизм</i>	<i>Мазмұны</i>	<i>Мысалы</i>	<i>Интерференция нәтижесі</i>
<i>Ассоциативтік тасымал</i>	Бір тілде қалыптасқан мағыналық байланыстардың екінші тілдегі ұғымды қабылдауға әсер етуі	Көк концептісін түс тек ретінде қабылдау; жол ұғымын тек физикалық бағыт ретінде түсіндіру	Қазақ тіліндегі мәдени-символдық және рухани мағыналардың толық ашылмауы
<i>Бейнелі мағынаны сөзбе-сөз беру</i>	Бір тілдегі метафоралық үлгілерді екінші тілге тікелей көшіру	«Жылы атмосфера», «жылы достық», «жүрегі түсті», «ақ қарға»	Қазақ тілінің ұлттық-мәдени бейнелеу жүйесіне сәйкес келмейтін қолданыстардың пайда болуы
<i>Ұғымдық үстемелену</i>	Бір тілдегі кең мағыналық категорияның екінші тілдегі бірнеше мағыналық бірлікті алмастыруы	«Күшті құрғақшылық», «күшті соққы», «күшті тірек»	Семантикалық сәйкессіздіктің пайда болуы
<i>Фреймдік ауысу</i>	Коммуникативтік жағдаятты өзге тілдің мәдени-прагматикалық үлгілері арқылы қабылдау	«Қайырымды болыңыз, есікті жабыңыз»; «Үйдегідей болыңыз»; «Мен ойлаймын ...»	Қазақы сөзсаптам нормаларының бұзылуы

Алынған нәтижелер қазақ тілін оқытуда интерференцияны түзету жұмыстарын сөздердің мағыналық өрісін салыстыра меңгерту, тұрақты тіркестерді контексте қолдануға үйрету, қазақ тіліндегі сөйлем құрау логикасын дамыту және сыпайылық стратегияларын жағдаяттық тапсырмалар арқылы қалыптастыру бағытында жүргізудің маңызды екенін көрсетеді. Мұндай жұмыс интерференциялық қолданыстарды азайтып қана қоймай, тілдік аттрицияның алдын алуға және қазақ тіліндегі мәдени-танымдық құзыреттілікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу интерференцияның қостілді тұлғаның тілдік тәжірибесінде кездейсоқ пайда болатын құбылыс емес, екі тілдік жүйенің өзара әрекеттесуінен туындайтын табиғи когнитивтік процесс екенін көрсетті. Орыстілді қазақ студенттерінің ауызша және жазбаша сөйлеу материалдарын талдау барысында олардың қазақ тілінде қарым-қатынас жасау кезінде орыс тілінде қалыптасқан мағыналық байланыстарға, сөйлем құрау үлгілеріне және коммуникативтік сценарийлерге жиі сүйенетіні анықталды. Соның нәтижесінде тілдің лексика-семантикалық, синтаксистік және прагматикалық деңгейлерінде интерференциялық қолданыстар байқалды.

Зерттеу нәтижелері интерференцияның негізгі көріністері ассоциативтік тасымал, бейнелі мағынаны сөзбе-сөз беру, ұғымдық үстемелену және фреймдік ауысу сияқты когнитивтік механизмдер арқылы жүзеге асатынын көрсетті. Бұл құбылыстар қазақ және орыс тілдерінің мағыналық жүйелері мен мәдени-танымдық ерекшеліктерінің толық сәйкес келмеуінен

туындайды.

Зерттеу барысында анықталған интерференциялық қолданыстар студенттердің қазақ тілін білмеуінен емес, олардың негізгі коммуникативтік тәжірибесінің орыс тілінде қалыптасуымен байланысты екені байқалды. Дегенмен мұндай қолданыстар қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени мазмұнды, тұрақты тіркестерді, прагматикалық нормаларды және табиғи сөйлеу үлгілерін белсенді қолдану деңгейінің төмендей бастағанын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, интерференция құбылысын тілдік аттрициямен байланыстыра қарастыру маңызды.

Тілдік аттриция белгілі бір тілдің белсенді қолданысының әлсіреуіне байланысты сөздік қордың, мәдени-концептуалдық білімнің және коммуникативтік дағдылардың біртіндеп бәсеңдеуін білдіреді. Егер интерференциялық құбылыстарға дер кезінде назар аударып, оларды азайтуға бағытталған әдістемелік жұмыстар жүргізілмесе, қазақ тіліндегі табиғи қолданыстардың бір бөлігі студенттердің пассив қорына ауысуы мүмкін. Бұл өз кезегінде ұлттық-мәдени кодтарды тану мен қолдану деңгейінің төмендеуіне әсер етеді.

Зерттеу нәтижелері сөздердің мағыналық өрісін салыстыра оқытудың, фразеологиялық және метафоралық бірліктерді контексте меңгертудің, сөйлеу жағдаяттарын модельдеудің және қазақ тілінің прагматикалық нормаларын саналы түрде игертудің тиімді екенін көрсетеді. Әсіресе, «қате – себеп – балама – контекст» қағидатына негізделген жұмыс студенттердің тілдік бірліктерді жаттап қана қоймай, олардың мәдени және мағыналық астарын түсінуіне мүмкіндік береді.

Олай болса, интерференцияның когнитивтік табиғатын ескеретін оқыту тәсілдері студенттердің қазақ тіліндегі белсенді қолданысын сақтауға, мәдени-танымдық құзыреттілігін дамытуға және тілдік аттрицияның алдын алуға ықпал етеді. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыру және олардың нәтижелерін білім беру тәжірибесіне енгізу – қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер

- Вайнрайх У. Языковые контакты: состояние и проблемы исследования / У. Вайнрайх; пер. Ю.А. Жлуктенко. – Киев: Вища школа, 1979. – 263 с.
- Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік / І. Кеңесбаев. – Алматы : Арыс, 2007. – 800 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. – Т. 6 / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Croft, W. Cognitive Linguistics / W. Croft, D. A. Cruse. Cambridge: Cambridge University Press, 2004. 356 p.
- Cummins, J. Linguistic interdependence and the educational development of bilingual children / J. Cummins // Review of Educational Research. 1979. Vol. 49. № 2. Pp. 222–251.
- Dijkstra, T. Bilingual visual word recognition and lexical access / T. Dijkstra // In: Kroll J.F., de Groot A. M.B. (eds.). Handbook of Bilingualism: Psycholinguistic Approaches. Oxford: Oxford University Press, 2005. Pp. 179–201.
- Fillmore, C.J. Frame Semantics / C.J. Fillmore // Linguistics in the Morning Calm: Selected Papers from SICOL-1981. Seoul: Hanshin Publishing Co., 1982. Pp. 111–137.
- Kroll, J.F. Category Interference in Translation and Picture Naming: Evidence for Asymmetric Connections between Bilingual Memory Representations / J.F. Kroll, E. Stewart // Journal of Memory and Language. 1994. Vol. 33. No.2. Pp. 149–174.
- Lakoff, G. Metaphors We Live By / G. Lakoff, M. Johnson. Chicago; London: University of Chicago Press, 1980. 242 p.
- Langacker, R.W. Foundations of Cognitive Grammar. Vol. I: Theoretical Prerequisites / R.W. Langacker. Stanford (CA): Stanford University Press, 1987. 540 p.
- Pavlenko, A. The Bilingual Mental Lexicon: Interdisciplinary Approaches / A. Pavlenko. Clevedon (UK) : Multilingual Matters, 2009. 272 p.
- Pavlenko, A. The Bilingual Mind: And What It Tells Us about Language and Thought / A. Pavlenko. Cambridge : Cambridge University Press, 2014. 280 p.
- Schmid, M.S. Language attrition. Cambridge: Cambridge University Press, 2011. 277 p. DOI: 10.1017/CBO9780511852046.
- Sozdik.kz. Қазақ-орыс және орыс-қазақ онлайн сөздігі [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://sozdik.kz/ru/dictionary/translate/ru/kk> (дата обращения: 10.11.2025).
- Van Dijk, T.A. Ideology: A Multidisciplinary Approach / T.A. van Dijk. London: SAGE Publications, 1998. 302 p.

References

- Croft, W. (2004) *Cognitive Linguistics*. W. Croft, D. A. Cruse. Cambridge: Cambridge University Press, 356 p. (in English)
- Cummins, J. (1979) Linguistic interdependence and the educational development of bilingual children / J. Cummins. *Review of Educational Research*. Vol. 49. No.2. Pp. 222–251. (in English)
- Dijkstra, T. (2005) Bilingual visual word recognition and lexical access / T. Dijkstra. In: Kroll J.F., de Groot A. M.B. (eds.). *Handbook of Bilingualism: Psycholinguistic Approaches*. Oxford: Oxford University Press. Pp. 179–201. (in English)
- Fillmore, C.J. (1982) *Frame Semantics* / C.J. Fillmore. *Linguistics in the Morning Calm: Selected Papers from SICOL-1981*. Seoul: Hanshin Publishing Co. Pp. 111–137. (in English)
- Kengesbaev, I. *Frazeologijalyq sozdik* / I. Kengesbaev. Almaty: Arys, 800 b. [Kenesbayev, I. (2007) *Phraseological dictionary* / Kenesbayev, I. Almaty: Arys, 800 p.] (in Kazakh)
- Kroll, J.F. (1994) Category Interference in Translation and Picture Naming: Evidence for Asymmetric Connections between Bilingual Memory Representations / J.F. Kroll, E. Stewart. *Journal of Memory and Language*. Vol. 33. No.2. Pp. 149–174. (in English)
- Lakoff, G. (1980) *Metaphors We Live By* / G. Lakoff, M. Johnson. Chicago; London: University of Chicago Press, 242 p. (in English)
- Langacker, R.W. (1987) *Foundations of Cognitive Grammar*. Vol. I: Theoretical Prerequisites / R.W. Langacker. Stanford (CA): Stanford University Press, 540 p. (in English)
- Pavlenko, A. (2009) *The Bilingual Mental Lexicon: Interdisciplinary Approaches* / A. Pavlenko. Clevedon (UK) : Multilingual Matters, 272 p. (in English)
- Pavlenko, A. (2014) *The Bilingual Mind: And What It Tells Us about Language and Thought* / A. Pavlenko. Cambridge: Cambridge University Press, 280 p. (in English)
- Qazaq adebi tilining sozdigi: on bes tomdyq. T. 6. (2011) / Qurast.: Zh. Kongyratbaeva, G. Qaliev, Q. Esenova zhane t.b. Almaty, 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language: fifteen volumes. Vol. 6. (2011) / Compiled by: Zh. Konyratbaeva, G. Kaliyev, K. Yessenova and others. Almaty, 752 p.] (in Kazakh)
- Schmid, M.S. (2011) *Language attrition*. Cambridge: Cambridge University Press. 277 p. DOI: 10.1017/CBO9780511852046. (in English)
- Sozdik.kz. Қазақ-орыс және орыс-қазақ онлайн сөздігі [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://sozdik.kz/ru/dictionary/translate/ru/kk> (дата обращения: 10.11.2025). (in Kazakh)
- Vajnrail, U. (1979) *Jazykovye kontakty: sostojanie i problemy issledovanija* / U. Vajnrail; per. Yu.A. Zhluktenko. Kiev: Visscha shkols, 263 s. [Weinreich, W. (1979) *Language contacts: the state and problems of research* / U. Weinreich; translated by Yu.A. Zhluktenko. Kiev: Vishcha shkola Publ., 263 p.] (in Russian)
- Van Dijk, T.A. (1998) *Ideology: A Multidisciplinary Approach* / T.A. van Dijk. London: SAGE Publications, 302 p. (in English)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 15.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.